



БҰЙРЫҚ

ПРИКАЗ

05.03.2024 ж.

Астана қаласы

№ 78 н/к

город Астана

Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі Мәдениет комитетінің «Қазақстан Республикасының Ұлттық музейі» РМҚК-да сыбайлас жемқорлық қатерлерін ішкі талдау нәтижелерінде анықталған сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды жою жөніндегі іс-шаралар жоспарын бекіту туралы

Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі Мәдениет комитетінің «Қазақстан Республикасының Ұлттық музейі» РМҚК-да сыбайлас жемқорлық қатерлерін ішкі талдау нәтижелерінде анықталған сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды жою жөніндегі іс-шаралар жоспары (бұдан әрі - Жоспар) бекітілсін.

2. Жоспардың орындалуына жауапты Қазақстан Республикасы Ұлттық музейінің (бұдан әрі - Музей) құрылымдық бөлімшелерінің басшылары:

1) Жоспарда көзделген іс-шараларды уақтылы және толық орындауды;

2) Музейдің құқықтық камтамасыз ету қызметіне 30 желтоқсаннан кешіктірмей Жоспардың іске асырылу барысы туралы ақпарат ұсынуды камтамасыз етсін.

3. Құқықтық камтамасыз ету қызметі Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің Мәдениет комитетіне Жоспарда көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы жиынтық ақпарат жіберсін.


4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

5. Осы бұйрық қол қойылған күннен бастап күшіне енеді.

Директордың м.а.

А. Сыдыков

«КЕЛІСІЛДІ»:

№	Лауазымы	Аты-жөні	Қолы
1.	Құқықтық қамтамасыз ету қызметінің басшысы	К. Шайкенова	
2.	Заң бөлімінің жетекшісі	А. Нұр	